

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Тобы: «Балбөбек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 05-09 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы өсіп,жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру,жеке басын құрметтеуді үйрету мәселелері бойынша кеңес беру				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсаты: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)				
	«Дүкенші». Мақсаты: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөліп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Артикуляциялық жаттығу Мақсаты. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,	«Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Шаштараздың еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Тақпақ жаттау Монтер ағай Ағай епті қолымен Жүреді ылғи от беріп.	Сюжеттік-рөлдік ойын «Тігінші». Мақсаты: балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір-бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге	«Біз құрылысшымыз». Балаларға құрылыс материалды ұсынамын, үлгі бойынша заттарды құрастыру. Құрастырылған заттардан көрме ұйымдастыру. (әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет) «Мозанка». Мақсаты: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету,	«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен ізеттілікпен сөйлеуге үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Санамақ Санамақтың сан түрін, Кәне, біздер санайық! Онға дейін санды біз

	<p>фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,к" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>өс-өс-өс Жігіт болып өс. Ұстаның құралы төс. қа-қа-қа Менде үлкен сақа.</p> <p><b>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p>Тарам-тарам жолымен Жүгіреді тоқ келіп. Көшеде, үйде, кеңседе Жүреді ағай шам жағып. Түн ішінде келсе де, Ол жүрген жер жап-жарық. Мұзафар Әлімбаев</p> <p><b>(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p><b>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p> <p><b>Тақпақ жаттау</b> <b>Шахтер</b> Шахтерді ел біледі, Оған сарай – жер асты. Көмір қазып жүреді, Сорғалатып тер ащы. Бала оқитын зәулім үй Қалмауы үшін суынып, Үйіп көмір тауды ылғи, Береді ол жылылық. С.Мәуленов</p> <p><b>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p>түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>(шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b></p>	<p>Қолымызға алайық! Бір,екі, үш Тандайықшы түс. Төрт,бес, алты Тату доспыз жалпы. Жеті, сегіз, тоғыз Мынау - қоңыр қоңыз, Мына саным-он, Қыста кием тон.</p> <p><b>(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>
<p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>	<p><b>Таңертенгі жаттығу кешені №1 (ақпан айына арналған)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Таңғы жиын. Шуақ шаша Алтын таңда Мөлдір таза ауада Табиғаттың бәрі оянды Оян сен де бар бала Балалар, ертеңісін көзімізді ашып терезеге қарасақ нені көреміз? Егер күн жарқырап нұрын шашып тұрса қалай қуанамыз? Олай болса, бүгінгі күнге, табиғатқа жылы лебізімізді білдірейік Армысың ардақты аспан ата! Армысың мейірімді жер ана!</p>				



	<p>Армысың шұғылалы алтын күн!  Күліп шықты күн бүгін  Ия балалар біз әрбір атқан таңымызға келген жаңа күнге жеткенімізге қуанамыз  Балаларға жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеуді ұйымдастыру.  «Ойын дегеніміз не?» тақырыбында әңгімелесу. «ойыншы» деген нені білдіреді ойларын сұрау. Суреттер арқылы түсіндіру.  Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>				
<p><b>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  Мақсаты: бір орыннан (қашықтығы 50 см) ұзындыққа секіру (8-10 рет); 6 м қашықтыққа дейін допты жерге ұрып, жүру (2-3 рет) және топпен қолын жерге тигізбей доғадан (биіктігі 40 см) өрмелеп (2-3 рет) өтуге жаттықтыру.  <b>(физикалық, танымдық-зияткерлік коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.  <b>(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</b>  <b>Музыка</b>  "Көңілді арбакеш".  Мақсаты: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.  <b>(шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  Мақсаты: балаларды бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіруге үйрету.  <b>(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Музыка</b>  "Көңілді арбакеш".  (қайталау)  Мақсаты: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.  <b>(шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  Мақсаты: балаларды аяқты бірге қойып секіру; допты бір қолымен кедергі арқылы лақтыруға үйрету.  <b>(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</b></p>

	әрекет)				
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу <b>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b> .				
<b>Серуен</b>	<p><b>Алаңдағы ағаштарды бақылау.</b> Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. <b>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b> <b>Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр».</b> Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.</p>	<p><b>Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау.</b> Мақсаты: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру. Тапсырма. «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. <i>Көркем сөз.</i> Кәне, кімнің бойы ұзын, Паровозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұратын Пойызды біз құрайық. <b>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b> <b>Қимылды ойын. «Аңшы мен коян».</b> Мақсаты: нысанаға затты лақтырып тигізу, жүгіру, өрмелеп жоғары</p>	<p><b>Саябаққа саяхат.</b> Мақсаты: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу. Балалардың сөз құрамында: қыс, қар, мұз, аяз, қар қырш-қырш еттеді, жалтырайды, жылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану. Балаларды табиғаттың қамқоршысы, жанашыры етіп тәрбиелеу. Тапсырма: «Қыс мезгілінің қызығы» атты тақырыпта шағын әңгіме құрастыру, қыстың жағымды, жағымсыз құбылыстары туралы әңгімелеу. <i>Көркем сөз.</i> Ақ қар жауды, Енді аппақ жер өңі</p>	<p><b>Күн көзін бақылау.</b> Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғы) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады. Күндіз күн ұясынан көтеріледі, кешке ұясына батады. Күн қысқа әрі суық. Көлеңке ұзарды. <i>Көркем сөз.</i> Батар күннің атар таңы бар. <b>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b> <b>Қимылды ойын.</b> <b>«Жүп болып эстафета ойының жүргізу</b> Мақсаты: шанамен сырғанақ тебу. Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.</b> Мақсаты: балаларға ауа райының жағдайын бақылату. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді. <i>Көркем сөз.</i> Қыстың кенже баласы ақпанбысың, Аспан астын ораған ақ қармысың. Алай-түлей бораның, аязың да, Әшпағым-ау, аз-аздан шақтармысың?! <b>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</b> <b>Қимылды ойын.</b> <b>«Үшінші артық».</b> Мақсаты: шапшандыққа баулу.</p>



	(физикалық, танымдық-зияткерлік коммуникативтік іс-әрекет)	шыға білу. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)	Қардан таулар Көлеңкесін көреді. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) <b>Қимылды ойын. «Біз көңілді баламыз».</b> Мақсаты: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру. Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)	(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)	(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	"Кімнің қолынан не келеді?" диалогтар ойыны. Мақсаты: балалардың "мамандық" ұғымын қалыптастыру; диалог пен монологтардың сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; жұмбақ пен тақпақ, мақал жөнінде түсініктерді пысықтау; болымсыз етістік туралы ұғымдар	"Етікшінің жаңа қос етігі". Мақсаты: балаларды қос етік сұлбасыларын қазақтың оюларымен безендіруге үйрету; етіктің қоншысына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған дөңгелектің үстіне "мүйіз" оюын салу техникасын қалыптастыру. (шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)	"Аспаздың кесу тақталары". Мақсаты: балаларда "реттік сан" ұғымын қалыптастыру; геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Ойын-жаттығу	"Абзал жан - дәрігер". Мақсаты: қағазбен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Ойын-жаттығу "Мен дәрігер боламын". Мақсаты: балаларды "Мен дәрігер боламын" өлеңімен таныстыра	"Жануарлар емшісі (мал дәрігері)" Мақсаты: балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Сюжетті-рөлдік ойын

	<p>қалыптастыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) <b>"Бағдаршам".</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды лего құрастыру материалдарынан бағдаршамды құрастыруға үйрету; жол белгілерін ажырату, жолда жүру ережелері жайлы білімдерін бекіту; көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; бағдаршам және оның шығу тарихи, құрылымы жайлы ақпарат беру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p><b>әрекет)</b> <b>Ұлттық ойын.</b> <b>Аударыспақ</b> «Аударыспақ» — өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір-біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>"Мамандықтың бәрі жақсы". Мақсаты: балаларды мамандықтар маңызымен таныстыра отырып, оларды ажыратып, атай білуге үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу және жатқа айтқызу; сахналау арқылы дәрігердің қимылдары мен сөздерін айтуға жаттықтыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p> <p><b>Қимылды ойын. Допты ұстап алу</b> Жүргізушіден басқа балалардың бәрі шеңбер құрап тұрады. Балалар допты бір-біріне береді. Жүргізуші шеңбердің сыртында жүреді. Ол допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұрған ойыншымен орын алмасады. Ал, ойыншы шеңбердің сыртына шығады. Ойын қайталанатын. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p><b>"Жас экологтар".</b> Мақсаты: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Байменде Раяна Ырысхан Ұлжан Дәрігер</p>	<p>Мадияр Бекәлім, Думан Сара Артикуляциялық</p>	<p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым</p>	<p>Совет Айсана, Мадияр Бекәлім Театрды сахналау.</p>	<p>Байменде Раяна, Совет Айсана Диалогтар ойыны.</p>



	<p>Дәрігермін мен деймін, Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Кәрілікті жең деймін. <b>(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>жаттығу.</b> «Сағат» - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. <b>(коммуникативтік, танымдық-зияткерлік шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p>композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. <b>(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p>"Екі аяз" ертегі желісін маскалармен саханлау. <b>(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Мамандықтар туралы жұмбақтар".</b> Максаты: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. <b>(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>
<p><b>Балалардың үйіне қайтуы</b></p>	<p>Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.</p>				

Тексерілді: *жауф* Ж.Ж.Жакенова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Тобы: «Балбөбек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 12-16 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)					
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар».					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>"Ойыншықтардағы тәртіп".</b>  <b>Мақсаты:</b> жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.                      (әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p><b>"Қайсы ең ауыр?"</b>                      логикалық жаттығуы.  <b>Мақсаты:</b> балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу.                      (танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p><b>«Көңіл-күйді анықтау»</b>  <b>Ойынның мақсаты:</b> мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.                      (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p><b>Текшелермен ойын.</b>                      Балаларға текшелер туралы тапқыты тындай отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, бағанға қалауға ынталандыру.                      Қызыл, сары, көк текше, Әрбіреуі ерекше.                      Көлемдері бірдей,                      Бір-бірінің үстіне.                      (шығармашылық, физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</p>	<p><b>«Қызықты лото».</b>  <b>Мақсаты:</b> логикалық ойлау қабілетін дамыту.                      (әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</p>	<p><b>"Үйдегі жиһаздар"</b>                      дидактикалық ойыны.  <b>Мақсаты.</b>                      Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру; жиһаздары күтуге тәрбиелеу.                      (әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)</p>
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені №2 (ақпан айына арналған)					




Ұйымдастырылған әрекетке дайындық	Суретке қарап компьютер құрылымы туралы, компьютермен қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы балалардың өздігінен әңгімелеулері. (коммуникативтік, әеуметтік-эмоционалды іс-әрекет )				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p><b>Дене шынықтыру</b> Мақсаты: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан оң қолымен (иық тұсынан) тік ұстап, нысанаға лақтыру (5-6 рет); биіктігі 40 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өту (2-3 рет) және биіктігі 40 см арқаннан аттап жүруге (2-3 рет) (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. (коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет) <b>Музыка</b> "Ойыншықтар". Мақсаты: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. (шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> Мақсаты: балаларды ұсақ және алшақ адыммен жүру дағдыларын қалыптастыру; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге үйрету. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p><b>Музыка</b> "Ойыншық аспаптар". Мақсаты: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. (шығармашылық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Жүгірушілердің жарыстары". Мақсаты: балаларды аяқтарын алшақ қойып секіруге; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	<p><b>Қыстың негізгі белгілерін бақылау.</b> Мақсаты: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.</p>	<p><b>Өзен, көл, су тоғандарына саяхат.</b> Мақсаты: балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы</p>	<p><b>Қардың қасиетін бақылау.</b> Мақсаты. Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа</p>	<p><b>Қардың түсуін бақылау.</b> Мақсаты. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. <b>Ересек адамдармен</b></p>	<p><b>Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау.</b> Мақсаты: өткен күндердегідей ауа райын</p>

	<p>Көркем сөз. Аппақ, аппақ, ақшақар Бірінұстапалайын ... Ұстадым! Жоқ, ақшақар, Қайданіздептабайын? (Жақан Смаков) (әлеуметтік- эмоционалды, коммуникативтік іс- әрекет) Қимылды ойын. «Аяз». Мақсаты: тез жүгіруге жаттықтыру. (физикалық, коммуникативтік іс- әрекет)</p>	<p>өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен жете таныстыру. (әлеуметтік- эмоционалды, коммуникативтік іс- әрекет) Қимылды ойын. «Шортан мен табан балықтар». Мақсаты: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету. (физикалық, танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс- әрекет)</p>	<p>сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. (әлеуметтік- эмоционалды, коммуникативтік іс- әрекет) Қимылды ойын. «Ұстап ал». Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру. (физикалық, коммуникативтік іс- әрекет)</p>	<p><b>бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.) Мақсаты: Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. (әлеуметтік- эмоционалды, коммуникативтік іс- әрекет) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". Мақсаты. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. (физикалық, коммуникативтік іс- әрекет)</p>	<p>бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар қандай болғанын еске түсіру. <i>Тапсырма.</i> «Ашық аспан» тақырыбында сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жаға отырып, түсін келтіруге үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс- әрекет) Қимылды ойындар. «Соқыр теке». Мақсаты: шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттатқызу. (физикалық, коммуникативтік іс- әрекет)</p>
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				



<p>ардың дербес екеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Ұялы телефон жайлы ақпарат беру. Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Орталықтарға бөлініп балалардың дербес таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар жасату. Ұялы телефонды бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте техника құралы екенін түсіндіру. (коммуникативтік, әлеуметтік- эмоционалды іс- әрекет)</p>	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Еркін тақырыпта сурет салдырту (шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша әрекет түрлерін таңдату. Құрастыру құралдарымен ормандар, жануарларды құрастырту. Ермексаз және түрлі түсті қағаздармен шығармашылық жұмыстарды орындату. (шығармашылық, әлеуметтік- эмоционалды іс- әрекет)</p>	<p>Балалар екі орталыққа бөлініп, бірі құрастыру материалдарымен Робот құрастыруына жағдай жасау. (шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Балаларға Тақпақтар айтқызу. "Күміс қар" (Әли Ысқабаев) Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. (коммуникативтік, шығармашылық іс- әрекет)</p>	<p>Думан Сара, Ырысхан Ұлжан, Мадияр Бекәлім Жаңылтпаштар жаттайық. 1) Торта қойдым, Орта қойдым. Орта қойдым, Жорта қойдым. 2) Топ бала, топ бала, Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала (коммуникативтік, шығармашылық іс- әрекет)</p>	<p>Ырысхан Ұлжан, Мадияр Бекәлім «Суреттер құрастыру». Мақсаты. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту. (коммуникативтік, шығармашылық іс- әрекет)</p>	<p>Байменде Раяна, Совет Айсана «Үй құрылысының ретін көрсет». Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. (коммуникативтік, шығармашылық іс- әрекет)</p>	<p>Балаларға Тақпақтар айтқызу. "Күміс қар" (Әли Ысқабаев) Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. (коммуникативтік, шығармашылық іс- әрекет)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Техника құралдары туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну. Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру.</p>				

Тексерілді: Ж.Ж.Жакенова  


**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Тобы: «Балбөбек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 19-23 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту <b>(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b> .				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасы туралы әңгімелесу. Ата – аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп».</b> (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) <b>Мақсаты:</b> балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету. <b>(әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</b></p> <p><b>«Спорт-лото».</b> <b>Мақсаты:</b> балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру. <b>(физикалық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</b></p>	<p><b>«Адалдық шеңбері»</b> <b>Ойынның мақсаты:</b> балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. <b>(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Тақпақ жаттау</b> <b>"Тазалықтың досы"</b> Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолың жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. Тазалықтың досы - Су дегенің осы. Бай! Бай! -Бұл бала Қай бала? Қарашы Үстіне, Өзіне - Не түсті Көзіңе? Бет- ауыз Кір айғыз. А.Меңжанова <b>(әлеуметтік-</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>«Не артық?»</b>, <b>«Спорт».</b> <b>Мақсаты:</b> есте сақтау қабілеттерін дамыту, қызықтыру. Спорт атауларын бекіту. <b>(коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>«Тек жақсы қасиеттерді ата»</b> Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сарандық,</p>



			эмоционалды, коммуникативтік, шығармашылық іс- әрекет)		ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. (коммуникативтік, физикалық іс-әрекет)
